**Тексерілді:** 22.09.25 [signature]

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары**

**Махметова М.Б**

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы «Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін»КММ**

**Топ\сынып Мектепалды даярлық О «а» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жастан бастап**

**Жоспардың құрылу кезеңі 4 -Апта 22-26 Қыркүйек 2025-2026 оқу жылы**

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылығы:** Жасампаздық және жаңашылдық

**Құндылық айы:** Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

**Қауіпсіздігі:** «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б.сақтауы туралы ақпарат беру, әңгіме өткізу.

**Апта дәйексөзі:** «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» Абай Құнанбайұлы.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу,Кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:Балаларды сабаққа уақытысында әкелу, сабақтан қалдырмауды ескерту** | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балалрдың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» | **Ата-аналармен әңгіме: Балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келуді ескерту.** | **Ата –аналармен әңгіме:** Балаларға үлкенді құрметтеп айналасына мейірімді болуға баулу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды» тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын | Ойын: «Мейірімділік жібі» Шарты: Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жай бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып | Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу *Осылай бола ма?* *Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.* | Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін» құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. | Сурет салу. «Күз» Күз бейнесін салу арқылы жылдың төрт мезгілімен танысып қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеттер) | нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)- Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады), | беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. Еңбек тапсырмасы:Балықтарға жем беру | *Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю | Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені №1** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жылулық сәті:<br>«Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | Жылулық сәті:<br>Мейірімділік-асыл қасиетіміз,<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі.<br>Биік ұстап соны,<br>Қадірлейік біз! | Жылулық сәті:<br>«Нәр алып»<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | Жылулық сәті:<br>«Қуан,шаттан!»<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | Жылулық сәті:<br>«Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Білім беру ұйымыныңкестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**6 саны және цифры<br>**Мақсаты:**Балаларды 6 саны және цифрымен таныстыру,<br>сан мен цифрдың арасындағы байланысты түсіндіру,<br>заттарды санау арқылы 6 санының реттік орнын анықтауға үйрету,<br>ойлау мен зейін қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:** 6 саны мен цифрын таниды және дұрыс атай алады;<br>· 6 санының сан қатарындағы орнын біледі (5-тен кейін, 7-нің алдында); | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Менің атам<br>**Мақсаты:** -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: ертегідегі атаның орны ерекше екенін сезіну және білу<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кімде не бар?»**<br>**Ойын шарты**: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.<br>Педагог:<br>Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**7 саны және цифры<br>**Мақсаты:**Балаларды 7 саны және цифрымен таныстыру, санның реттік орнын анықтауға,<br>заттарды санау арқылы сан мен цифрдың арасындағы байланысты түсінуге үйрету, зейін мен логикалық ойлауды дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:** 7 саны мен цифрын таниды, атай алады;<br>· 7 санының сан қатарындағы орнын біледі (6-дан кейін, 8-дің алдында);<br>· 7 затты санау арқылы сан мен цифрдың байланысын түсінеді;<br>· 7 цифрын ауада, тақтада және дәптерде дұрыс жаза | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік<br>**Мақсаты:**Оқушылардың өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін **бекіту және қорыту**, дыбыстар мен әріптерді **ажырата білу**, буын, сөз, сөйлем құрау дағдыларын пысықтау, оқуға деген **қызығушылығын арттыру** және **сауатты жазу қабілетін дамыту.**<br>**Күтілетін нәтеже:**<br>Балалар өткен | **Сауаташу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік?Нені білдік?<br>**Мақсаты**: -балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету;<br>-сөздерді буынға бөлуді дамыту;<br>-саусақ моторикасын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже**: Дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстарды жатқа білу<br><br>1-тапсырма. Суреттегі заттарды ата.<br><br>2-тапсырма |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | · 6 затты санау арқылы сан мен цифрдың арасындағы байланысты түсінеді;<br>· 6 цифрын ауада, тақтада және дәптерде дұрыс жаза алады;<br>· 6 саны кездесетін мысалдарды өмірден таба біледі (мысалы: 6 гүл, 6 оқушы, 6 ойыншық);<br>· Сабаққа белсенді қатысады, зейінді және ұқыпты болуға дағдыланады.<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**“Алты алма”<br>Мақсаты: 6 санының сандық мәнін түсіндіру.<br>Қажетті құралдар: алма суреттері немесе ойыншықтар.<br>Тапсырма:<br>Мұғалім алты алманы көрсетеді, балалар оларды санайды.<br>– Неше алма бар?<br>– Егер біреуін жесек, нешеуі қалады?<br>Күтілетін жауап:<br>1, 2, 3, 4, 5, 6 – алты алма.<br>Біреуін жесек, бес қалады.<br>“6 саны қайда жасырынып тұр?”<br>Мақсаты: 6 цифрын ажырату.<br>Тапсырма:<br>Мұғалім сандар қатарын ұсынады: 3, 4, 5, 6, 6, . | екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер.<br>Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады.<br>Балалар, сендер күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер<br><br><br>1-тапсырма.<br>Отбасы мүшелерін ата және сөздерді буынға бөл.<br>Тапсырма. Жеке жұмыс.<br>Өз отбасың туралы әңгімеле.<br>Отбасы мүшелерін ата.<br><br> | алады;<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**“Жеті гүл”<br>Мақсаты: 7 санының сандық мәнін бекіту.<br>Қажетті құралдар: гүлдердің суреттері.<br>Тапсырма:<br>Балалар суреттегі гүлдерді санайды.<br>Мұғалім сұрайды:<br>– Қанша гүл бар?<br>– Егер біреуін жұлып алсақ, нешеуі қалады?<br>Күтілетін жауап:<br>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 — жеті гүл.<br>Біреуін алсақ, алты қалады. | әріптер мен дыбыстарды еске түсіре алады;<br>· Дыбыстарды ажыратып, олардан буын мен сөз құра алады;<br>· Сөзден сөйлем құрастыру дағдыларын көрсете алады;<br>· Дұрыс, анық және мәнерлеп оқи алады;<br>· Сауатты жазу мен сөйлеуге үйренеді;<br>· Сабаққа белсенді қатысады, өз ойын еркін жеткізе алады.<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**“Сөз тап”<br>Мақсаты: Дыбыстар мен әріптерді ажырату, сөздік қорды байыту.<br>Ойын барысы:<br>Мұғалім әріп көрсетеді (мысалы: М, А, Б, С).<br>Балалар осы әріптен басталатын сөз айтады.<br>Мысал:<br>– «М» әрпінен басталатын сөз айт: малақай, мама, мектеп.<br>“Қай әріп жоғалды?”<br>Мақсаты: Дыбысты естіп, тану қабілетін дамыту.<br>Тапсырма: | <br><br>3-Тапсырма.<br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мұғалім сөзді айтады, бірақ бір дыбысты “жоғалтып” қояды. Балалар жетіспейтін әріпті табады. | |
| **Күй күмбірі- үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар** | | | | | |
| **БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР**<br>Бармақ болып жұмысқа,<br>Қырға шықты құмырсқа,<br>Тоңып кетіп аяғы,<br>Қырға қайтып шығады.<br>Ой – ой – ой,<br>Әне аю келеді.<br>Құмырсқаны көреді.<br>Енді қайтып құтылар,<br>Илеуіне тығылар. | |  |  | **Құрылымдалған ойын:**<br>**Тақырыбы:** «Жәндікте неше аяқ бар»<br>**Мақсаты**: Балалардың көру кабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.<br>Шарты:Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді.Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер.Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.<br>Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау) | |

| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстардың жасалуы.<br>**Мақсаты:** -сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту;<br>-сөйлеу тілін жетілдіру.Дауысты,дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру<br>**Күтілетін нәтиже:** Дауыссыз дыбыстарға мысалдар келтіру<br><br>**Саққұлақ**<br>Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту<br>Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.<br><br>1-тапсырма.<br><br>2-тапсырма.<br><br>3-тапсырма. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**6 саны және цифры<br>**Мақсаты:**Балаларды 6 саны және цифрымен таныстыру,<br>сан мен цифрдың арасындағы байланысты түсіндіру,<br>заттарды санау арқылы 6 санының реттік орнын анықтауға үйрету,<br>ойлау мен зейін қабілеттерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтеже:** 6 саны мен цифрын таниды және дұрыс атай алады;<br>· 6 санының сан қатарындағы орнын біледі (5-тен кейін, 7-нің алдында);<br>· 6 затты санау арқылы сан мен цифрдың арасындағы байланысты түсінеді;<br>· 6 цифрын ауада, тақтада және дәптерде дұрыс жаза алады;<br>· 6 саны кездесетін мысалдарды өмірден таба біледі (мысалы: 6 гүл, 6 оқушы, 6 ойыншық);<br>· Сабаққа белсенді қатысады, зейінді және ұқыпты болуға дағдыланады.<br>**Дидактикалық тапсырмалар:**"Алты алма"<br>Мақсаты: 6 санының сандық мәнін түсіндіру.<br>Қажетті құралдар: алма суреттері немесе | **Сөйлемді дамыту**<br>**Тақырыбы:**Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)<br>**Мақсаты:** -ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету;<br>-балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту;<br>-баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже:** баланы қорқыта берсе ыңжық болатынын, батылдыққа баулыса керемет тұлға болатынын ұғындыру<br>Дидактикалық тапсырма:<br><br>**«Саңырауқұлақтар»** тақырыбындағы кеспелі суреттерді құрастыруға шақырады, ойын барысында саңырауқұлақтарға сипаттама береді.<br><br>АҚ САҢЫРАУҚҰЛАҚ — қалпағы қоңыр, дөңгелек, сабағы жуан болады. ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ — негізінен қайың ағашының түбінде өседі, қалпағы дөңгелек, қара- қоңыр түсті, сабағы жіңішке, биік болып өседі. ТЕРЕКҚҰЛАҚ — қалпағы қызыл, сабағы биік болады. ТҮЛКІШЕК — түсі сары, сабағы аласа, қалпағы иілген. ТОМАРҚҰЛАҚ — ақшыл-қоңыр түсті саңырауқұлақ, сабағы жіңішке, жиегінде «жағасы» бар, «отбасымен» топтасып өседі.<br>Педагог: орманнан тек саңырауқұлақ тереміз бе?<br>Қазақстанда өсетін орман жидектерімен танысады. Олар: таңқурай, қызыл тал, шырғанақ, арша, шетен, бөріқарақат, итмұрын. Алған әсерлерімен бөліседі, олардың дәмі туралы әңгімелейді<br><br>1-тапсырма.<br>Ертегі кейіпкерлерінің шелектерін тауып жапсыр. | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Жемістер<br>**Мақсаты:** -жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету;<br>-диалогке қатысуға үйрету;<br>-сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту;<br>-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** жемістердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дүкен» ойыны**.<br>Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау.<br>Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді. Диалог: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Маған қияр беріңізші. – Алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс екенін табады.<br><br>1-тапсырма. Әр қатардан артығын тап. Қорша. Өз таңдауыңды түсіндір.<br><br>2-тапсырма. Жаңылпашты жаттап ал.<br>Алма базардан<br>Алма алар ма?<br>Ақ алма алар ма?<br>Әлде алары анар ма?<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әкесі мен балалары (Лев Толстойдың әңгімесі)<br>**Мақсаты:** --әңгіме арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>-әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>**Күтілетін нәтиже:** мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br><br>**Дидактиалық/ойын**<br>«Зейінді бол»<br>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер /5–сурет/.<br>Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас немесе пішін бар?<br>Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.<br><br>Біз Л.Н. Толстой шығармашылығымен танысамыз.<br>-Экранға назар аударыңыз , бұл Лев Николаевич Толстой.<br>- Ал енді оның "Әке мен ұлдар" шығармасымен танысамыз.<br>Әкесі ұлдарына тату-тәтті өмір сүруді бұйырды; олар бағынбады. Сондықтан ол сыпырғышты әкелуді бұйырды да: — Сындыр!<br>Олар қанша күрессе де, сындыра алмады. Содан кейін әкем сыпырғышты шешіп, бір-бірден таяқшаны сындыруды бұйырды. Олар штангаларды бір-бірлеп оңай сындырды.<br>Әке былай дейді: — Сонымен, сіз: егер сіз келісіммен өмір сүрсеңіз, сізді ешкім жеңе алмайды; ал егер сіз ұрысып, бәрін бөлек алсаңыз, бәрі сізді оңай құртады. |

<table>
<tr>
<td colspan="2">Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>Үйшікте мына бір сәулетті<br>Тұратын қай мықты әулеті?<br>Мен – тышқан-шиқылдақ,<br>Мен – қоян-желаяқ,<br>Мен – түлкі-керіммін,<br>Мен – қасқыр-серімін.<br>Бәріміз тұратын көңілді,<br>Қажетті сәулетті көр үйді!<br><br>Үйге кірді Алдияр,<br>Оған қоса Мадияр,<br>Кейін келді Айдана,<br>Қанша болды бар бала?</td>
<td colspan="2"></td>
<td colspan="2">Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар<br>Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,<br>Үп-үлкен ағаш жағада жатты,<br>Балық: «Мына жерде сүңгу онай»- деп<br>Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,<br>Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,<br>Ал төртіншісі тоңа бастады,<br>Ал бесіншісі «Мында қолтыраун»- деп айғайлады,<br>-Жүзіндер мына жерден,<br>Әйтпесе жұтып қояды!<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру<br>Жасы: 5-6 жас аралығы<br>Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суреті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.<br>Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
<td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: Қалай спортшы болуға болады?<br>Мақсаты:<br>-ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,<br>салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.<br>Күтілетін нәтиже: еңбекқорлық пен төзімділік берік болса мықты спортшы болатынын ұғындыру<br><br>Қозғалмалы ойындар:<br>Доппен ойнау<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 1-нұсқа. Балалар екі топқа бөлінеді. Жіп керіліп, оның екі ұшынан ұстап тұруға болады. «Доп төменде» деген бұйрық берілісімен екі бала (әр топтан) бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, «доп</td>
<td>Қазақ тілі<br>Тақырыбы:<br>Көкөністер<br>Мақсаты: -тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту;<br>-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.<br>Күтілетін нәтиже:<br>көкөністердің адам ағзасына пайдалы дәрумендер беретінін</td>
<td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: Менің ойыншықтарым (Мұзаффар Әлімбаевтың өлеңі)<br>Мақсаты: -өлеңдегі баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-өлең мазмұнын әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту;<br>Күтілетін нәтиже:<br>мысалдан өздеріне тәрбиелік мағынасы бар дүниелерді алу<br>Дидактикалық ойын:<br>«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»<br>Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі лентaлар.</td>
<td>Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?<br>Мақсаты: -жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту;<br>-жануарлардың сырт келбетіндегі ерекшеліктері мен жылдың әртүрлі мезгіліндегі тіршілігі жайлы сипаттама жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>-себеп-салдар байланысын анықтау қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: елімізде тіршілік ететін жануарларды білу<br>Дидактикалық ойын:</td>
<td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: Менің сүйікті жануарларым<br>Мақсаты: -экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.<br>Күтілетін нәтиже: өз ұнататын жануарларыңның суретін салу және баяндау<br><br>Қозғалмалы ойындар:<br>Ойын шарты:<br>Мақсаты: «Жоғарыда-төменде», «астында-үстінде», «сол жақта-оң жақта» ұғымдарын бекіту.<br>Қажетті құралдар: доп.<br>Ойын барысы: 2-нұсқа:<br>Балалар сапқа тұрады. Доп бірінші баланың қолында «доп оң жақта» деген бұйрық айтылғанда доп оң жаққа беріледі. «Тоқта» деген бұйрық бойынша допты сапта тұрған балалардың біреуі ұстап қалады. «Доп сол жақта» деген</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| |  | ойыншықтар.<br>Тапсырма:<br>Мұғалім алты алманы көрсетеді, балалар оларды санайды.<br>– Неше алма бар?<br>– Егер біреуін жесек, нешеуі қалады?<br>Күтілетін жауап:<br>1, 2, 3, 4, 5, 6 – алты алма. Біреуін жесек, бес қалады.<br>“6 саны қайда жасырынып тұр?”<br>Мақсаты: 6 цифрын ажырату.<br>Тапсырма:<br>Мұғалім сандар қатарын ұсынады: 3, 4, 5, 6, 6, .<br>Балалардан сұрайды:<br>– 6 цифрын тап.<br>– Ол қай сандардың арасында орналасқан?<br>Жауап:<br>6 саны 5 пен 7 сандарының арасында. | Өзіңе ертегідегі қай кейіпкер ұнады?<br><br> | қайталайды.<br>Жемістер- фрукты<br>Өрік- абрикос<br>Анар- гранат<br>Құрма- хурма<br>Шабдалы- персик<br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/view21344064 | **1-тапсырма.** Суреттер бойынша әңгімеле. Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін берді? Сен осы балалардың орнында болсаң, не істер едің? Әңгіме қалай аяқталады?<br>**2-тапсырма.** Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя.<br>**3-тапсырма**: Жеке жұмыс. Мақалды жаттап ал.<br>Бірлік болмай, тірлік болмас. |
| **Үзіліс:** **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғарыда» деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады. Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда ұтып шығады.<br>**Саптағы жаттығулар:**<br>а) Оңға! Артқа! Солға! Солға!<br>Жүру және оның түрлері:<br>а) қолды жоғары тік көтеріп,аяқтың ұшымен жүру<br>ә) қолды екі жаққа созып, өкшемен жүру<br>б) қолды белге қойып, сыртқы қырымен жүру<br>в) қолды белге қойып, ішкі қырымен жүру<br>Арнайы жүгіру жаттығулары:<br>а) аяқты артқа бүгіп жүгіру<br>ә) тізені жоғары көтеріп жүгіру<br>б) оң (сол) жақ қырмен тіркеле адымдап жүгіру<br>в) аяқтың ұшын созып, алдыға қайшы тәріздес жүгіру<br>г) жылан тәріздес жүгіру<br>Оқушыларды бір лекке тұрғызу:<br>а) 1,2,3,4 санап! | суреттер арқылы ұғындыру<br>**Демонстрациялық материалдармен жұмыс**. Педагог шағын мәтін құрайды. Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күзде құстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Қима материалдармен жұмыс. Мынау – жапырақ. – Мынау не? – Мынау – жапырақ. – Жапырақ сары. – Жапырақ қандай? – Жапырақ сары. – Алтын күз. – Қандай күз? – Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды<br><br>1-тапсырма. Көгеністерді тап. Ата. Олар қайда өседі? Өзіңе ұнаған көгеністі сипатта.<br>2-тапсырма. Жаңылтпашты жаттап ал.<br>Бақшада көп көгеніс,<br>Бақтарда да көп жеміс.<br>Өседі, піседі<br>Көп жеміс пен көгеніс.<br><br>Жеке жұмыс.<br>Мұғалім оқиды. Балалар қайталайды.<br>Көгеністер- овощи<br>Бақша- огород<br>Дәмді- вкусно<br>Пайдалы- полезно | Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.<br><br>**1-тапсырма**. Суретте не бейнеленген?<br>Әр вагонда қандай ойыншықтар бар?<br>Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br>Сенде қандай ойыншықтар бар?<br><br>2-тапсырма. Не артық? Белгіле.<br><br>3-тапсырма. Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя.<br><br>Дидактикалық ойын<br>Тәрбиеші: Ойыншықтардың үлкенді-кішілі болатынын білесіздер. Ойнайық. Сіздердің әркайсыларыңыз өз ойыншықтарыңыз туралы айтып бересіздер: "Үлкені – балық, кішісі – балық".<br>Үлкен қуыршақ – кішкентай қуыршақ.<br>Үлкен доп – кішкентай доп.<br>Үлкен машина – шағын машина.<br>Үлкен қоян – кішкентай қоян.<br>Бас барабан – кішкентай барабан. "Үлкен - кіші" дидактикалық жаттығуы<br>*Тәрбиеші*: Балалар, біз бір нәрсені күттік. Ойнайық, қол-аяқты жаттықтырайық. | **Ғажайып қоржын». «Қуыршақтар»** қоржыннан ойыншықтарды алып, балаларды «Ойыншықтар дүкені» ойынын ойнауға шақырады. Дүкенші – қуыршақ Сәуле, сатып алушылар – балалар. Диалог:<br>Бала: Сәлеметсіз бе!<br>Қуыршақ: Сәлеметсіз бе!<br>Бала: Маған ойыншық беріңізші? Қуыршақ: Қандай ойыншық? Бала: Ойыншық мәшине. Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. Қыз: Сәлеметсіз бе! Қуыршақ: Сәлеметсіз бе! Қыз: Маған қуыршақ беріңізші? Қуыршақ: Міне, ал. Бала: Рақмет. т.б. Балалар білетін ойыншықтарын алады, педагог қалған ойыншықтарды атайды, сипаттайды: жұмсақ ойыншықтар, темір ойыншықтар, пластмасса ойыншықтар, резеңке ойыншықтар болады<br> <br>Суретке қара. Суретші бейнеленген жануарларды ата. Олардың қайда тіршілік ететінін білесің бе? Өзіңнің өлкеңде тіршілік ететін жануарларды ата.<br><br>Тапсырма. Сызық арқылы ересек жануарларды балаларымен қос. Олардың қандай айырмашылықтары бар?<br><br>Тапсырма. Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш немесе шөпқоректі жануар екендігін айтуды ұмытып кетпе. | бұйрық бойынша доп сол жаққа беріледі.Тапсырманы дәл әрі тез орындаған балалар жеңімпаздар атанады<br><br>**«Қоразлар шайқасы» ойыны:**<br>Бұл ойын үшін алдын - ала мүмкіндігінше үлкен етіп, дөңгелек сызу керек. Қарсыластар бір аяқтап жүріп, дөңгелек ішінен бір - бірін итеріп шығаруы керек. Екінші аяғы жерге тисе, ол ойыншы ұтылған болады.<br> |

| Күй күмбірі- үзіліс: Ойын: Саусаққа арналған ойындар | | |
|---|---|---|
| Тауық шықты көшеге,<br>Ерді барлық шөже де.<br>Алға кетті 7-еуі,<br>Артта қалды 3-еуі.<br>Санай алмай барлығын<br>Есі шықты тауықтың.<br>Сен есепте, балақан,<br>Қанша еді балапан?<br><br>Әр қолына Нұриден<br>Төрт өріктен бердім мен.<br>Бала санай білмеді,<br>Неше өрік ол жеді? |  | **Саусақ ойыны: « Құрттар»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моториканың кимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді.<br>**Тіл дамыту жаттығуы**<br>1,2,3,4,5<br>Құрттар серуенге жүрді,<br>Бір уақытта қарға алдарынан шықты,<br>Басын шайқап иіле ,<br>-Менің түскі асым- деп,<br>Енді қараса құрттар жоқ. |

| 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы:** Ағаш және бұта.<br>**Мақсаты:** -ағаш пен бұтаның айырмашылығымен таныстыру;<br>-танымдық мүмкіндіктерін арттыру,тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** судың қадірін білу, «Судында сұрауы бар» деген мақалдың мағынасын түсіну<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Тұқым» ойыны**: педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.<br>Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. | **Музыка**<br>**Тықырыбы:** Біздің аспаптар.<br>**Мақсаты:** -ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру;<br>-әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау;<br>-балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ халқымыздың аспаптарының суретімен таныстыру<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Балбырауын» (Құрманғазы)<br>Ән айту:«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Дене қабілеттерін дамыту<br>**Мақсаты:** -денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру **Күтілетін нәтиже:** денені үнемі шынықтырсаң денің сау болатынын түсіндіру<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады.<br><br>**Қозғалмалы ойындар**<br>**Секіртпемен секіру ойындары.**<br>Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады. Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді<br><br>**«Арқа» ойыны:**<br>Ойыншылар екі топқа | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Күзгі серуен<br>**Мақсаты:** әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту;<br>-қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау.<br>**Күтілетін нәтиже**: Күзгі серуеннің кереметтігін айнала сары түске боялатынын суреттерден көрсету<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)<br>Музыкалық аспапта ойнау: | **Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Көшедегі үйлер. Біздің үй.<br>**Мақсаты**: -архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту;<br>-балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже:** ұшақпен баратын жеріңе жылдам әрі үнемді баратынын түсіндіру<br><br>**Тапсырма.** Үйді бояп шық.<br><br>Ескерту: Қағаз, қайшы, желіммен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерімен таныстырамыз.<br><br>Тапсырма. Түрлі түсті қағаздан геометриялық фигуралар сызып, қиып аламыз. Оны қағаз бетіне үй құрастырып жапсырамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)<br><br>**«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.** Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).<br><br>**Тапсырма.** Суретке қара. Өзің білетін ағаштар мен бұталарды ата. Өз ауланда өсетін өсімдіктерді қорша.<br><br>**Ойланып жауап бер!**<br>Ағаштар мен бұталардың қандай айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар?<br><br>**Тапсырма.** Суретке қара. Ағаш пен бұтаның негізгі бөліктерін көрсет. Оларды салыстыр.<br><br>**Тапсырма.** Тәжірибе жүргізуге қатынас. Ағаштың қасиеттері туралы не айта аласың?<br><br>Әрбір ағаштың бұтағында оның «балалары» бар: жапырақ, гүлдер, жемістер. Жеміс және бұтақ жұбын құрастыр. Сызықпен қос. | Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>«Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)<br><br><br>**ЖИ тапсырма**<br>https://learningapps.org/view32545837 | бөлінеді. Бірінші топтың мүшелері теріс қарап тұрып, аяқтарының арасымен допты екінші командаға бағыттайды. Одан кейін екінші команда қайталайды<br><br><br>**Ұшты-ұшты ойыны:**<br>«Ұшты-ұшты». Жүргізуші түрлі құстардың атын атап, «ұшты-ұшты» деп қолдарын сермейді, барлық ойыншылар қайталап, қимылдар жасайды. Бір сәт жүргізуші: мысалы «сиыр» дейді; егер ойыншылардың біреуі қолын былғап қалса, ол қандай да болсын бір тапсырманы орындайды. | «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай)<br> | <br><br> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Тіл жаттығулары:<br>Үш бала.<br>Бір ауылда үш бала,<br>Олар – құрдас: үш жаста.<br>Бірақ, бірақ олардың,<br>Қылықтары үш басқа.<br>Біріншісі шыңқ етпе,<br>Тиіп кетсе, жылайды.<br>Екіншісі бір қоңыр,<br>Ақыл айтсаң, тулайды.<br>Үшіншісі – елгезек,<br>Бәрімізге ұнайды |   | **Аз қимылды ойын: Ойын: «Кеме»**<br>**Мақсаты:** Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Қажетті атрибуттар:** ағаштан жасалынған кеменің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар.<br>**Ойын шарты:** Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр, солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды үйгеқайтару**<br><br>**«Өнегелі 15 минут» –ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасауқажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз<br>мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын<br>мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

**Мектепке дейінгі тәрбиешісі:Шахманова К.А**